«__»________ 2024 ж.
№ ____ бұйрыққа
1-қосымша

**«Алтын ұрпақ» жобасы аясында**
**домбыра, дәстүрлі ән, хореография бойынша**
**педагогтерге арналған «Ата мұра» байқауын өткізу ережесі**

## 1. Жалпы ережелер

1.1. «Алтын ұрпақ» жобасы аясында халқымыздың ұлттық **домбыра, дәстүрлі ән, хореография** бойынша педагогтерге арналған «Ата мұра» байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, өткізу форматы мен тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың мақсаты: қазақ мәдениетінің қазынасы ретінде домбыра, дәстүрлі ән, ұлттық би өнерінің құндылығы мен маңыздылығын көтеру және педагогтердің ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы мен құрметін ояту.

1.3. Байқаудың міндеттері:
- қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін дамыту және сақтау;
- ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына сіңіру;
- ұлт өнеріне деген қызығушылық пен сүйіспеншілігін арттыру;
- орындау шеберлігін дамыту;

1.5. Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын Байқауды ұйымдастырушылар жасақтайды.

## 2. Байқауды өткізу мерзімі

2.1. Байқау **2024 жылғы 10– 26 сәуір** аралығында өткізіледі.

2.2. Байқауға қатысу туралы өтінім, **www.youtube.com** арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтеме s.kampysheva@astana-modern.edu.kz электронды поштасына **2024 жылғы 19 сәуір** сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

2.3. Байқауға қатысу үшін құжаттар:
- қатысу туралы өтінім (№1-қосымшаға сәйкес);
- **www.youtube.com** арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтеме.

2.4. Өтініште көрсетілген бағдарлама өзгертілмейді. Мерзімінен кешіккен өтініштер қабылданбайды.

## 3. Байқау қатысушылары

3.1. Байқауға Астана қаласының жалпы білім беру, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады:

3.2. Байкауға қатысушылардың бағыттары:
1) Домбыра
2) Дәстүрлі ән
3) Хореография
3.3. Байкауға жеке орындаушылар катысады.

**4. Байқауды өткізудің шарттары мен тәртібі**

4.1. Байкау ІІ кезеңнен тұрады.
**І кезең кашыктыктан (онлайн) форматында өтеді.**
**ІІ кезең дәстүрлі (офлайн) форматта өтеді.**

4.2 Байкаудың І кезеңінде сапалы электронды портфолио үзіліссіз, тұтас бір роликпен жіберіледі. 3-5 минуттык видео-ролик ішінде катысушының (педагог) жетістіктері, өз жұмысы туралы кыскаша акпарат болуы қажет.

Астана каласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК-ге 2024 жылдың 19 сәуір күні сағат 18.00-ге дейін **s.kampyshev@astana-modern.edu.kz** электронды поштасына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) осы Ереженің 1-косымшасына сәйкес байқауға қатысу үшін өтінім;

2) Қатысушылардан **https://www.youtube.com** арнасына орналастыру үшін электронды портфолио қабылданады.

электронды портфолиоға койылатын техникалык талаптар:

a) электронды портфолио минималды өлшемдері -16:9 форматы үшін кем дегенде 1280 x 720 HD немесе 1920x1080 FullHD.

b) электронды портфолио максималды ұзактығы – 3-5 минут.

c) Қатысушы монтаждау кезінде форматты өз қалауы бойынша пайдаланады.

d) Дауыс және титрлік сүйемелдеуге рұксат етіледі.

e) Қатысушы өзін таныстырады, өзінің педагогикалык идеяларын, кәсіптегі көшбасшылык касиеттерін, балаларға, әріптестерге деген карым-катынасын, сондай-ак өмірлік басымдыктарын көрсетеді.

4.3. Белгіленген мерзімнен кешіктірілген жұмыстар – кабылданбайды.

4.4. Байкаудың ІІ кезеңі офлайн түрде үш бағытта **25 сәуір** күні өтеді.

**Қатысушыларға койылатын талаптар.**
**Домбыра бағдарламасы:**
Домбыра номинациясы (бағыты ) бойынша:
1. Төкпе күй (тез екпінде орындалатын күй)
2. Шертпе күй немесе орташа екпіндегі күй орындау

**Дәстүрлі ән бағыты бойынша:**
1. Халыктык ән (халык әні, халық композиторларының әнін орындау)
2. Эстрадалык ән (кәсіби Қазақстан композиторларының әнін орындау)

Бағалау критерийлері: Орындаушылық деңгейі; Сахналық мәдениеті; Аймақтық ерекшелігінің сақталуы.

**Би өнері (хореография) бағыты бойынша:**

1. Би өнері түрлері (қазақ ұлттық биі, классикалық би, заманауи биі, халықтық-сахналы би ) бір бағыт бойынша би нөмірін көрсету, берілетін уақыт 1,5-минут)

**Бағалау критерийлері:**

- орындаушылық шеберлік деңгейі;
- композициялық құрылымы, сахналық мәдениеті;
- музыкалық және хореографиялық материалдарды таңдап алуы, сәйкестігі;
- қатысушылардың әртістілігі, киім үлгісінің сәйкестігі;
- көркемдік образды аша білуі.

2. Орындаған бидің теориялық түсіндірмесі.

4.5. Байқауға балаларға білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады.

**5. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

5.1. Байқау жұмыстарын кәсіби қазылар алқасы 10 баллдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен рәсімделеді.

5.2. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы 3 бағытта жеңімпаздарды анықтайды. Лауреаттар I, II, III дәрежелі дипломдармен, қосымша номинациялармен марапатталады.

5.3. **Анықтама телефоны: 87016505319**

**Жауапты тұлға: Камнышев С.Б.**

1-қосымша

**«Алтын ұрнақ» жобасы аясында қазақ ұлттық аспаптары бойынша «Ата-мұра» байқауына қатысуға өтінім**

| | |
|---|---|
| Қатысушының ТАӘ | |
| Білім беру ұйымы | |
| Бағыты | |
| Орындайтын шығармалары | |
| Байланыс телефоны, e-mail: | |
| Электронды портфолиоға сілтеме | |

«____»_____2024 ж.
№_____бұйрыққа
2 - қосымша

**«Алтын ұрпақ» жобасы аясында**
**домбыра, хореография, дәстүрлі ән бойынша**
**педагогтерге арналған «Ата мұра» қалалық байқауын**
**ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы**

| № | Аты-жөні, тегі | Жұмыс орны, лауазымы |
|---|---|---|
| 1. | Амиргалиев Жангелді Куандықұлы | Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының орынбасары |
| 2. | Шарипова Динара Госмановна | Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің басшысы |
| 3. | Кампышев Серікбай Бейсембайұлы | Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері |
| 4. | Каракеева Закира Курманбековна | Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Орта білім беру бөлімінің музыка пәні әдіскері |
| 5. | Турманова Бану Аскаровна | Астана қаласы әкімдігінің «Тәттімбет атындағы №1 өнер мектебі» МКҚК директордың бейіндік оқу жөніндегі орынбасары |